


KZ

Пайдалану, монтаждау және қосу жөніндегі
нұсқаулық



Ішке орнатылатын газдық пісіргішпанель

Ішке орнатылатын құрамдастырылған пісіргіш панель

ІШКЕ ОРНАТЫЛАТЫН ГАЗДЫҚ ПІСІРГІШ ПАНЕЛЬ

ІШКЕ ОРНАТЫЛАТЫН ҚҰРАМДАСТЫРЫЛҒАН ПІСІРГІШ ПАНЕЛЬ

Құрметті сатып алушы!



Сізге біздің бұйымдарымызды сатып алғаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз және олардың сенімділігіне көз жеткізе аласыз деген үміттеміз.

Пісіргіш панельді пайдаланудан сіз рақат аласыз деген ниеттеміз.

Арналуы

Пісіргіш панель үй жағдайында тағам әзірлеуге арналған.

Нұсқаулық

Осы нұсқаулық сіздің жаңа пісіргіш панеліңізбен тезірек танысуға мүмкіндік береді. Аспапты пайдаланбас бұрын нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Аспапта еліңіздің таңбасы болған жағдайда бұл нұсқаулық қолданымды. Еліңіздің таңбасы болмаған жағдайда, еліңіздегі талаптарға сәйкес аспапты бейімдеу жөніндегі техникалық нұсқауларды ұстаныңыз. Нұсқаулық пен басқа да қоса берілген құжаттаманы міндетті түрде сақтап қойыңыз. Аспапты жаңа иесіне берген кезде осы құжатты да қоса беруді ұмытпаңыз.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық тұтынушыға арналған. Оның мазмұнында пісіргіш панель мен оны басқару жолдары суреттелген. Нұсқаулық аспаптардың бірнеше түріне арналып әзірленген, сондықтан оның мазмұны сіздің моделіңізде кездеспейтін жекелеген функциялардың суреттемесін қамтуы мүмкін.

Қосу жөніндегі нұсқаулық

Қосу «Пісіргіш панельді электр желісіне қосу» және «Пісіргіш панельді газға қосу» бөлімдеріне сәйкес, сондай-ақ қолданыстағы ұйғарымдарға және стандарттарға сәйкес жүргізіледі. Қосуды тек біліктілігі бар маман жүргізе алады.

Зауыттық тақтайша

Аспаптың негізгі деректері бар және газдық түрлері бар зауыттық тақтайша пісіргіш панельдің төменгі жағында орналасқан, аспап оған ыңғайланып зауытта реттелген. Зауыттық тақтайшадағы деректердің мағынасын «Техникалық деректер» бөлімінен таба аласыз.

Сервистік қызмет көрсету

Сіз өз бетіңізше жөндей алмайтын ақаулар («Ескертулер және қателерді көрсету» бөлімін қараңыз) пайда болған жағдайда, рұқсаты бар сервистік орталыққа жолығыңыз.

Рұқсаты бар сервистік орталықтар тізімін «Кепілдік міндеттемелер» брошюрасынан және www.gorenje.ru сайтынан қарай аласыз.

Қауіпсіздік шаралары	4
Тасымалдау кезіндегі бүлінулер	4
Қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулар	4
Адам қауіпсіздігі	6
Қаптаманы кәдеге жарату.....	6
Қызмет ету мерзімі аяқталған аспапты кәдеге жарату	6
Аспаптың суреттемесі	7
Ажыратып-қосқыштар (моделіне байланысты)	8
Пісіргіш бет	9
Электрлі конфоркалар.....	9
Алғашқы рет қолданар алдында	9
Маңызды нұсқаулар.....	9
Ыдыс	9
Электр энергиясын үнемдеу жөніндегі кеңестер	10
Газ жанарғылары	10
Алғашқы рет қолданар алдында	10
Маңызды нұсқаулар.....	10
Ыдыс	11
Электр конфоркаларды басқару	12
Газ жанарғыларын басқару	13
Тұтату және жанарғылардың жұмысы	13
Тазалау және күтім	14
Конфоркалар.....	14
Газ жанарғылары	15
Ескертулер және қателерді көрсету	16
Маңызды ескертулер	16
Пісіргіш панельді монтаждау	17
Маңызды ескертулер	17
Монтаждау ойығының өлшемдері	18
Монтаждау процесі	18
Пісіргіш панельді электр желісіне қосу	19
Маңызды ескертулер	19
Қосу сұлбасы.....	20
Пісіргіш панельді газға қосу	21
Маңызды ескертулер	21
Зауыттық реттеме	21
Қосу процесі.....	22
Газға жалғайтын элементтер	22
Жұмыстың басы	23
Газдың басқа түріне реттеу	23
Газдың басқа түріне реттеу элементтері	23
Форсункалар кестесі	25
Техникалық деректері	26
Зауыттық тақтайша	26

Тасымалдау кезіндегі бүлінулер

Қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулар

- Пісіргіш панельді қораптан шығарыңыз да, тексеріп шығыңыз. Тасымалдау кезіндегі бүлінудерді байқаған жағдайда, пісіргіш панельді қоспай, оны сатып алған сауда ұйымына жолығыңыз.

Орнату және қосу

- Газ желісіне қосуды тек жергілікті газбен қамтушы кәсіпорынның ресми рұқсаты бар білікті маманы немесе рұқсаты бар сервистік орталықтың маманы жүргізе алады. Жергілікті газбен қамтушы кәсіпорынның қолданыстағы ұйғарымдары мен қосу талаптарын сақтау қажет. Газға қосуға байланысты маңызды нұсқауларды сіз «Пісіргіш панельді газға қосу» бөлімінен табасыз.
- Аспапты электржелісіне қосуды тек біліктілігі бар маман ғана жүргізе алады.
- Өндіруші қате қосуға және монтаждауға байланысты болуы мүмкін ақаулар үшін жауапты емес. Мұндай ақауларға кепілдіктер берілмейді.
- Дұрыс қоспау және жөндемеу пайдаланушыға төнетін қауіптің себебіне айналуы мүмкін және аспаптың бүлінуіне әкеп соғуы мүмкін. Жарылу, қысқаша тұйықталу және электр тоғының соғу қаупі бар! Бұл жұмыстарды тек біліктілігі бар маман жүргізе алады.
- Монтаждамай және қоспай тұрып, жергілікті қосу талаптары (газдың түрі мен қысымы) аспаптың реттемелеріне сәйкес келетіндігін тексеріп алыңыз.
- Аспап жанған қалдықтарды шығару құбырларына (мысалы, мұржаға) жалғауға арналмаған. Аспап қолданыстағы қосу жөніндегі ұйғарымдарға сәйкес орнатылуы және қосылуы тиіс. Газ жанарғылары жұмыс істеп тұрған кезде бөлмеде жылу мен ылғалдың пайда болуы арта түседі. Аспап ұзақ уақыт және қарқынды жұмыс істеп тұрған кезде бөлмені аса қарқынды түрде желдету немесе ауа сорғышты пайдалану қажет болады.

Ыстық сарымай және май

- Қатты қызған май тұтанып кетуі мүмкін, сондықтан көп мөлшердегі сарымайды және майды пайдаланатын тағамдарды үнемі бақылай отырып әзірлеңіз. Күйіп қалу және өрттену қауіптілігі бар!
- Егер май тұтанып кетсе, жалынды сумен сөндірмеңіз. Ыдысты қақпақпен немесе тәрелкемен жабыңыз. Конфорканы ажыратыңыз. Ыдысты конфорканың үстінде сууы үшін қалдырыңыз.

Конфоркалар

- Пісіргіш панель бөлмені жылытуға арналмаған. Жұмыс істеп тұрған немесе ыстық конфорканың үстіне бос ыдысты қоймаңыз.

- Жанарғының барлық бөлшектерінің дұрыс орнатылуын қадағалаңыз.
- Егер жалын бірқалыпты жанбаса газ жанарғыларын пайдаланбаңыз.
- Сіз газ жанарғыларын ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз (мысалы, демалысқа кетеріңізде) газды вентильмен жауып қойыңыз.
- Аспаптың астында тез тұтанатын заттарды, мысалы, тазалағыш құралдар немесе аэрозольдарды, сақтамаңыз. Өртену қауіптілігі бар!

Бүлінулер

- Пісіргіш панельді тазалау үшін қысымы жоғары тазартқыштарды және бу үрлегіш тазартқыштарды пайдаланбаңыз, себебі бұл қысқаша тұйықталуды тудыруы және электр тоғының соғуына ұшыратуы мүмкін.
- Ақаулар пайда болған жағдайда аспапты дереу электр желісінен ажыратыңыз да, сервистік орталыққа қоңырау шалыңыз.
- Кепілдік қолданылатын мерзім ішінде жөндеу мен бөлшектерді айырбастауды тек рұқсаты бар сервис орталығының маманы ғана жүргізе алады. Аспапты бүлдіріп алмау үшін және жарақаттанып қалмау үшін техниканы өз бетіңізше жөндемеңіз. Дұрыс жөндемеу пайдаланушыға келетін қауіптің себебіне айналуы мүмкін. Қысқаша тұйықталу және электр тоғының соғу қауіптілігі бар!

Егер сіз бөлмеде газдың иісін сезсеңіз:



- газдың келуін газ тікқұбырындағы немесе баллондағы вентиль арқылы жабыңыз,
- кез келген отты, соның ішінде темекіні сөндіріңіз,
- электр аспаптары мен жарықты қоспаңыз,
- бөлмені жақсылап желдетіп алыңыз (терезелерді ашыңыз!),
- дереу арада сервистік орталыққа немесе газбен қамтитын кәсіпорынға хабарласыңыз.

Адам қауіпсіздігі

- Балаларды жұмыс істеп тұрған пісіргіш беттің қасында қараусыз қалдырмаңыз. Күйіп қалу қауіптілігі бар!
- Балалардың аспаппен ойнауына жол бермеңіз.
- Қаптау материалы (пленка, пенопласт және т.б.) балалар үшін қауіпті болуы мүмкін. Тұншығып қалу қауіпі бар! Қаптаманы балалардың қолдары жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Аспап қауіпсіздік саласындағы барлық алдын ала жазылған стандарттарға сай келеді, бірақ оған қарамастан мүмкіндіктері және психикалық қабілеттері шектеулі жандардың аспапты пайдалануға, сондай-ақ оны пайдалану үшін тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдарға тек жеке қадағалаумен ғана рұқсат етіледі. Бұл ұсыныстар балаларға да қолданылады.

Қаптаманы кәдеге жарату

- Қаптама экологиялық таза материалдардан жасалған, оларды қоршаған ортаға зиян келтірмей-ақ қайта өңдеуге, қалдықтарды сақтауға арналған арнайы полигондарда сақтауға және кәдеге жаратуға болады. Қаптама материалдарының тиісті таңбалары бар.

Қызмет ету мерзімі аяқталған аспапты кәдеге жарату

- Қызмет ету мерзімі аяқталған бұйымды пайдалануға жарамсыз етіп қою керек. Бұл үшін пісіргіш панельді электр желісінен ажыратып, қосу кабелін қиып тастаңыз, себебі ол ойнап жүрген балалар үшін қауіпті болуы мүмкін.



Бұйымдағы немесе оның қаптамасында көрсетілген таңба оның тұрмыстық қалдықтар ретінде кәдеге жаратылуға жатпайтынын көрсетеді. Бұйымды кезекті кәдеге жарату үшін электрондық және электр



жабдықтарын қабылдайтын тиісті жерге өткізу керек. Бұйымды кәдеге жарату ережелерін сақтай отырып, сіз қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына осыған ұқсас қалдықтарды лайықсыз қолдану салдарынан келтірілуі мүмкін зиянның алдын алуға көмектесесіз. Бұйымды кәдеге жарату жөнінде толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті билікке, қалдықтарды шығару және кәдеге жарату қызметіне немесе бұйымды сатып алған дүкенге жолығыңыз.

АСПАПТЫҢ СУРЕТТЕМЕСІ

Жабдық моделіне байланысты ерекшеленуі мүмкін.



Газдық пісіргіш панель

Типі PVK4...



Құрамдастырылған пісіргіш панель

Типі KVК4...



1. Артқы сол жақ конфорка
2. Алдыңғы сол жақ конфорка
3. Конфоркалардың ажыратып-қосқыштары


4. Артқы оң жақ конфорка
5. Алдыңғы оң жақ конфорка

**Ажыратып-қосқыштар
(моделіне байланысты)**

Электрлі

	<p>1- 6</p>	<p>қыздыру деңгейлері</p>
	<p>1- 9</p>	<p>қыздыру деңгейлері</p>

Газдық


	<ul style="list-style-type: none"> ● газдың краны жабық 	
	<ul style="list-style-type: none"> 🔥 максималды қуаты 	
	<ul style="list-style-type: none"> 🔥 минималды қуаты 	

Электрлі конфоркалар

Алғашқы рет қолданар алдында

Маңызды нұсқаулар

Ыдыс



Аспапты алғаннан кейін пісіру бетін, соның ішінде конфоркаларды дымқыл шүберекпен сүртіңіз.

- Конфоркаларды ыдыссыз 3-5 минутқа максималды қуатына, олар жануы үшін қосыңыз. Осылайша, конфоркалардың қорғаныш жабындысы берік қабат түзеді. Конфоркаларды бірінші рет қыздырған кезде түтін пайда болады.
- Конфоркаларды бөлмені жылыту үшін қолданбаңыз. Конфоркаларды үстіне ыдыстарды қоймай қоспаңыз. Ыдыс түбінің диаметрі конфорканың диаметріне сәйкес болуы тиіс. Ыдыстың диаметрі кішкентай болған кезде конфорка бүлініп қалуы мүмкін.
- Ыдыстың түбі мен конфорканың беті жылуды жақсы өткізуі үшін және пісіргіш беттің бүлінуін болдырмау үшін үнемі таза және құрғақ болуы керек.
- Пісіргіш бетке сулы ыдысты және ылғал қақпақты қоймаңыз. Ылғал конфорканы бүлдіруі мүмкін.
- Ыстық ыдысты пайдаланылмай тұрған конфоркалардың үстіне қойып суытпаңыз, себебі ыдыстың табанының астында конденсат пайда болады, ал бұл ыдыстың түбінің шіруіне әкеп соғуы мүмкін.

Ыдысты пайдалану жөніндегі кеңестер

Жайпақ, тұрақты түбі бар сапалы ыдысты пайдаланыңыз.

- Ыдыс түбінің диаметрі конфорканың диаметріне сәйкес келген жағдайда және ыдыс конфорканың ортасына орнатылу болған кезде жылу өткізу қасиеті аса тиімді болады.
- Отқа төзімді және термотөзімді әйнектен немесе фарфордан жасалған ыдыста әзірлеген кезде ыдыс өндірушісінің нұсқауларын ұстаныңыз.
- Тез пісіргіште әзірлеген кезде әзірлеу процесін тиісті қысымға қол жеткізілгенше үнемі бақылап отырыңыз. Алдымен, конфорка максималды қуатта жұмыс істеуі керек, содан кейін, тезпісіргіш өндірушісінің ұсыныстарын сақтай отырып, конфорканың қызу деңгейін уақытылы азайтыңыз.
- Ыдыс ішіндегі сұйықтықтың үнемі жеткілікті мөлшерде болуын қадағалап отырыңыз. Бос ыдыстың қызу салдарынан пісіргіш бет қатты қызып кетуі мүмкін, соның нәтижесінде ыдыс пен пісіргіш беттің өзі бүлінеді.
- Жылтыратылған түбі бар отқа төзімді әйнектен жасалған ыдыс түбінің диаметрі конфорканың диаметріне сәйкес келген жағдайда оны пісіргіш бетте пайдалануға болады. Түбінің диаметрі үлкен ыдыс шытынап кетуі мүмкін.
- Ерекше ыдысты пайдаланған кезде, сол ыдыстың өндірушісінің ұсыныстарын сақтаңыз.

Электр энергиясын үнемдеу жөніндегі кеңестер

- Ыдыс түбінің диаметрі конфорканың диаметріне сәйкес болуы тиіс. Ыдыстың диаметрі кішкентай болған кезде энергияны тұтыну артады да, конфорка бүлініп қалуы мүмкін.
- Тағамды әзірлеу рецептінде рұқсат етілген жағдайда, ыдысты қақпақпен жауып қойыңыз. Қақпақтың көлемі ыдыс көлеміне сәйкес болуы тиіс.
- Ыдыс дайындалып жатқан тағамның мөлшеріне сәйкес болуы тиіс. Үлкен ыдыста аз мөлшердегі тағамды әзірлеу электр қуатының артық жұмсалыуына әкеп соғады.
- Ұзақ уақыт әзірленуді қажет ететін тағамдарды тезпісіргіште дайындаңыз.
- Көкөністерді шағын мөлшердегі суда пісіріңіз. Мұндай тәсілмен өнімдер әдеттегіден жылдамырақ піседі, дегенмен, бұл кезде ыдыстың қақпағы тығыз жабулы болуы керек. Қайнағаннан кейін конфорканың қуатын баяу қайнайтын күйге дейін азайтыңыз.


Газ жанарғылары

Алғашқы рет қолданар алдында

Газ жанарғыларын бірінші рет қолданар алдында қандайда бір ерекше шараларды қолдану қажеттілігі жоқ.

Маңызды нұсқаулар

- Егер сіз тағамды қуырғыңыз келсе, онда, алдымен, жанарғының максималды қуатын орнатыңыз, одан кейін минималды қуатта әзірлеуді жалғастырыңыз.
- Кейбір модельдері қауіпсіздік жүйесі бар газ жанарғыларымен жабдықталған (әрі қарай — газ-бақылау). Егер жалын сөніп қалса (сұйықтық ағып кетсе, өтпе жел болса және т.б.), онда газдың келіп тұруы автоматты түрде тоқтатылады. Осылайша, бөлмеге газдың тарап кетуінің алды алынады.
- Егер газ-бақылауы жоқ жанарғының жалыны сөніп қалса, онда бөлмеде газ шыға бастайды.
- Жанарғының қақпағы жарғышқа дәл орнатылған болуы тиіс. Жарғыш тесіктерінің үнемі таза болуын қадағалаңыз.





- 1 Жанарғының қақпағы
- 2 Жанарғының жарғышы
- 3 Термозэлемент (газ-бақылауы бар жанарғыларда, кейбір модельдерде)
- 4 Электрлі тұтату шырағданы
- 5 Форсунка

Ыдыс

Ыдысты пайдалану жөніндегі кеңестер

- Дұрыс таңдалған ыдыс әзірлеудің тиімді уақыты мен газды оңтайлы шығындауды қамтамасыз етеді. Ең маңызды параметр ыдыстың диаметрі болып табылады.
- Тезпісіргіштегі сұйықтық мөлшері үнемі жеткілікті көлемде болуын қадағалаңыз, керісінше жағдайда, бос ыдыстың қызуы салдарынан ыдыстың өзі және пісіргіш панель бүлініп қалуы мүмкін.
- Тағамды әзірлеу рецептінде рұқсат етілген жағдайда, ыдысты қақпақпен жауып қойыңыз. Қақпақтың көлемі ыдыс көлеміне сәйкес болуы тиіс.
- **Өте кішкентай ыдыстың** шетіне шығып тұратын жалынның ұшқындары ыдысты бүлдіруі мүмкін, бұл кезде газ шығыны көбейеді.
- Газдың жануына ауа қажет, ол **өте үлкен ыдыс** болғандықтан шектеулі болады, сонымен бірге жану тиімділігі төмендейді.





Қосалқы тор (кейбір модельдерде) Қосалқы тор кішкентай диаметрлі ыдыста әзірлеу кезінде пайдаланылады. Қосалқы торды шағын жанарғы үстіндегі торға орнатыңыз.

Қосалқы тор (кейбір модельдерде) Қосалқы тор кішкентай диаметрлі ыдыста әзірлеу кезінде пайдаланылады. Қосалқы торды шағын жанарғы үстіндегі торға орнатыңыз.

Жанарғы типі	Ыдыс диаметрі
Үлкен (3 кВт)	220-260 mm
Стандартты (1,9 кВт)	160-200 mm
Кішкентай (1 кВт)	120-140 mm
Двойная (3,5 кВт)	220-260 mm

ЭЛЕКТР КОНФОРКАЛАРДЫ БАСҚАРУ





- Конфоркалар басқару панелінде орналасқан ажыратып-қосқыштардың көмегімен қосылады.
- Ажыратып-қосқыштардың маңайындағы таңбалар осы ажыратып-қосқыштардың қай конфоркаға сәйкес келетінін көрсетеді.
- Конфоркалардың қызу деңгейінің орнатылуы сатылы түрде емес (Б, 1-9) немесе сатылы түрде (С, 1-6).
- Ажыратып-қосқыштар шеңберлі түрде айналдырылады. Конфорканы сағат тілінің бағытымен немесе қарсы бағытта қосуға болады.
- Әзірлеу аяқталғанға дейін 3-5 минут бұрын конфорканы өшіріп қоюға болады, осылайша қалған жылуды пайдаланып, электр энергиясын үнемдеуге болады. Кестеде жекелеген қыздыру деңгейлерін қолдану үлгілері көрсетілген.



Б	С	
0	0	Конфорка ажыратулы.
1-2	1	Тағамның температурасын ұстап тұру, шағын мөлшердегі тамақты әзірлеу.
3-4	2	Әзірлеуді жалғастыру.
5-6	3	Әзірлеуді жалғастыру, көп мөлшердегі тағамды ұзақ уақыт әзірлеу.
7	4	Бірнеше рет қуыру (құймақтар)
8	5	Майға қуыру.
9	6	Тез қыздыру.


Экспресс-конфоркалар (кейбір модельдерде) стандарттық конфоркалардан артық қуаттылығымен ерекшеленеді және тезірек қызады. Олар ортасында қызыл нүктемен белгіленген, ол біраз уақыттан кейін бірнеше рет қыздыру мен конфорканы тазалау салдарынан жоғалып кетуі мүмкін.

Тұтату және жанарғылардың жұмысы



Газ жанарғыларын басқару амалы басқару панелінде орналасқан ажыратып-қосқыштардың көмегімен жүргізіледі. Қыздыру қуаты ажыратып-қосқыштарда «Үлкен жалын» және «Кішкентай жалын» таңбаларымен белгіленген.



- Ажыратып-қосқышты «Үлкен жалын»  күйінен «Кішкентай жалын»  күйіне дейін және кейін қарай бұраңыз. Жұмыс күйі «Үлкен жалын» және «Кішкентай жалын» таңбалары арасында орналасқан.
- Газ жанарғылары әрбір жанарғының ішіне орнатылған электрлі тұтату шырағданы арқылы тұтандырылады.


 **Ажыратып-қосқышты бұрмай тұрып, алдымен оны басу қажет.**


Бір қолмен электрлі тұтату

Газ жанарғысын тұтату үшін жанарғының ажыратып-қосқышын итеріп, оны «Үлкен жалын» күйіне бұраңыз. Шырағдан мен жанарғы арасында ұшқын беріледі де, жанарғыны тұтатады.

Егер электрлі тұтату электрқуатының жоқ болуы немесе ылғал шығардан салдарынан жұмыс істемей тұрса, сіз жанарғыны сіріңкемен немесе газға арналған оттықпен тұтата аласыз.


- Жалын пайда болған соң ажыратып-қосқышты басылған күйде, жалын тұрақтанғанша, 10 секундтай ұстап тұрыңыз.
- Әрі қарай жалынның шамасын максималды және минималды қуат арасында реттеуге болады.
- Қуатты  және  арасында орнатпағаныңыз жөн. Бұл ауқымда жалын тұрақсыз болады және сөніп қалуы мүмкін.

 **15 секундтан кейін жанарғы жалыны жанбаған жағдайда, жанарғыны сөндіріп, кемінде 1 минут күтіңіз. Одан кейін қайта тұтатыңыз.**


 **Қандайда бір себептермен жанарғы жалыны сөніп қалған жағдайда, жанарғыны сөндіріп, кемінде 1 минут күтіңіз. Одан кейін қайта тұтатыңыз.**

Ескертпе

Вок жанарғысын тұтатпас бұрын (екі, үш контурлы, мини-вок) жанарғының үстіне ыдысты қойыңыз.


- Жанарғыны сөндіру үшін ажыратып-қосқышты оңға қарай  күйіне бұраңыз.

- Пісіргіш панельді тазалау үшін қысымы жоғары тазартқыштарды және бу үрлегіш тазартқыштарды пайдаланбаңыз, себебі бұл қысқаша тұйықталуды тудыруы және электр тогының соғуына ұшыратуы мүмкін.
- Тазалау үшін жуу құралы қосылған жылы суды және жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз.
- Пісіргіш бетті тазалау үшін қажайтын тазалау құралдарын және өткір заттарды пайдалануға болмайды. Кеуіп қалған қалдықтарды ылғал шүберектің көмегімен жұмсартыңыз.
- Таттанбайтын болаттан жасалған беттерді тазалау үшін арнайы тазалау құралдарын пайдаланыңыз. Құрғақ, жұмсақ, жақсы сіңіретін шүберекпен құралдың жұқа қабатын құрғақ салқын бетке жағыңыз да, метал өңделген бағытта сүртіңіз. Кетуі қиын қалдықтарды ылғал шүберекпен және тазалау құралымен тазалаңыз, одан кейін бетті құрғатып сүртіңіз. Таттанбайтын болатқа арналған құралдарды алюминий бетке қолдануға болмайды.




- 1 Жанарғының қақпағы
- 2 Жанарғының жарғышы
- 3 Термоэлемент (газ-бақылауы бар жанарғыларда, кейбір модельдерде)
- 4 Электрлі тұтату шырағданы
- 5 Форсунка

Конфоркалар



- Конфоркалардың айналасындағы беттерді жуу құралы қосылған жылы сумен тазалаңыз. Кеуіп қалған қалдықтарды алдын ала губканың көмегімен жібітіп алыңыз.
- Әрбір ластану кезінде конфоркаларды жақсылап тазалаңыз. Егер олар қатты ластанбаған болса, онда оларды ылғал шүберекпен және жуу құралының ерітіндісімен сүртсе жеткілікті. Қатты ластанған кезде конфоркаларды жуу құралына малынған метал губкамен тазалаңыз. Тазалағаннан кейін конфоркаларды құрғатып сүртіңіз.
- Конфоркаларды тұзды сұйықтық, тамақтың күйген қалдықтары және ылғал бүлдіруі мүмкін, сондықтан конфорканы әрқашан да тазалап және құрғатып сүртіп отырыңыз.
- **Конфоркаларға күтім жасау үшін** оларды уақытында машина майының аздаған мөлшерімен және дүкеннен сатып алуға болатын күтім жасау жөніндегі кәдімгі құралмен сүртіп отырыңыз. Майды, тоң майды және т.б., пайдалануға болмайды (шіру қаупі бар). Конфоркалар жылы болған жағдайда, құралдар тесіктерге тезірек сіңеді.

Газ жанарғылары



- **Татпанбайтын болаттан жасалған конфоркалардың жиектері** әзірлеу кезінде жоғарғы температураның әсерінен сарғайып кетуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Сарғайған жерлерді кәдімгі металға арналған тазалау құралдарымен тазалауға болады. Агрессивті және қажайтын құралдарды пайдалануға болмайды, себебі олар бетті сырып тастауы мүмкін.

- Торлар мен жанарғыларды тазалау үшін алып қоюыңызға болады.
- Торларды, пісіргіш бетті және жанарғы бөлшектерін ыдысқа арналған жуу құралы қосылған жылы сумен және шүберекпен тазалаңыз. Торлар мен жанарғылар ыдыс жуатын машинада жууға арналмаған.
- Метал губкаларды, қажайтын және агрессивті тазалау құралдарын пайдалануға болмайды, себебі олар бетті сырып тастауы және бүлдіруі мүмкін.
- Термозлемент пен электрлі тұтату шырағданын жұмсақ қылшақпен тазалаңыз. Бұл бөлшектер таза әрі құрғақ болуы тиіс, тек осылай ғана олардың дұрыс жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі.
- Жанарғының жарғышы мен қақпағын тазалаңыз. Жарғыш тесіктерінің жақсы тазаланғанын тексеріңіз. Кірдің форсунка тесігіне кіріп кетпеуін қадағалаңыз.
- Тазалап болғаннан кейін барлық бөлшектерді кептіріп, дұрыстап жинаңыз да өз орнына орнатыңыз. Бөлшектердің дұрыс орнатылмауы салдарынан жанарғыларды тұтату жұмыс істемей қалуы мүмкін.



Жанарғылар қақпақтарының эмалі қара түсті болып кеткен. Жоғарғы температура салдарынан қақпақтардың түсі өзгеруі мүмкін, бірақ бұл жанарғылардың жұмысына әсер етпейді.

ЕСКЕРТУЛЕР ЖӘНЕ ҚАТЕЛЕРДІ КӨРСЕТУ

Кепілдік қолданылатын кезең ішінде аспапты жөндеуді тек рұқсаты бар сервис орталығының маманы ғана жүргізе алады!

- Жөндемес бұрын, сақтандырғышты шешіп алып немесе басты ажыратқышты сөндіріп немесе желі розеткасынан ашаны суырып алып аспапты электржелісінен ажыратыңыз.
- Аспапты бұлдіріп алмау үшін және жарақаттанып қалмау үшін техниканы өз бетіңізше жөндемеңіз. Дұрыс жөндемеу пайдаланушыға келетін қауіптің себебіне айналуы мүмкін. Қысқаша тұйықталу және электр тоғының соғу қауіптілігі бар!

Жұмыстағы олқылықтардың себебі ұсақ-түйек ақаулықтар болуы мүмкін. Сервистік орталыққа жолықпас бұрын, оны сіз өз бетіңізше жөндей алатын мүмкіндігіңізді тексеріп алыңыз (төмендегі нұсқауды қараңыз).

Маңызды ескертулер

Аспапты қате қосуға, монтаждауға және пайдалануға байланысты болуы мүмкін ақаулар үшін өндіруші жауапты емес. Мұндай ақауларға кепілдіктер берілмейді.

Нұсқаулықты аспаптың маңында сақтаңыз. Аспапты жаңа иесіне берген кезде осы нұсқаулықты да қоса беруді ұмытпаңыз.

Ақау	Болуы мүмкін себеп	Ақауды жою
Жанарғы жалыны біркелкі емес	Газды дұрыс реттемеу салдарынан жалын біркелкі емес	Маман газдың реттелуін тексеруі тиіс!
Жанарғылардың жалыны кенетпен өзгерді	Жанарғының бөлшектері дұрыс орнатылмаған	Жанарғының бөлшектерін дұрыс орнатыңыз!
Жанарғыларды тұтату үшін тұтқаны басулы күйде ұзақ уақыт бойы ұстау қажет	Жанарғының бөлшектері дұрыс орнатылмаған	Жанарғының бөлшектерін дұрыс орнатыңыз!
Жалын тұтатқаннан кейін өшіп қалады	Ажыратып-қосқыштың басылған уақыты өте қысқа.	Ажыратып-қосқышты басулы күйде ұзағырақ ұстаңыз.
	Ажыратып-қосқыштың басылуы әлсіз	Ажыратып-қосқышты жібермес бұрын, оны қатты басыңыз.
Жанарғының айналасындағы тордың түсі өзгеріп кетті	Жоғарғы температура салдарынан болатын кәдімгі құбылыс.	Торды металдарға күтім жасауға арналған құралмен тазалаңыз.
Тұрмыстық электрсымы үнемі ажыратылып қалады.	Сақтандырғыш жарамсыз.	Тұрмыстық электрсымының сақтандырғышын тексеріңіз және бүлінген жағдайда айырбастаңыз.
Жанарғыларды электрілі тұтату жұмыс істемейді.	Электрлі тұтату шырағданы мен жанарғының арасында тағам немесе тазалау құралының қалдықтары бар.	Жанарғы қақпағын шешіп алыңыз да, электрлі тұтату шырағданы мен жанарғы арасындағы кеңістікті абайлап тазалаңыз.
Жанарғылардың қақпақтары ластанған.	Кәдімгі ластану.	Жанарғылардың қақпақтарын металдарға күтім жасауға арналған құралмен тазалаңыз.

Ақаулықты келтірілген ұсыныстарға сәйкес жоя алмаған жағдайда, сервистік орталыққа жолығыңыз.

Маңызды ескертулер

- Аспап осы монтаждау жөніндегі нұсқаулыққа және қолданыстағы ұйғарымдар мен стандарттарға сәйкес дұрыс орнатылған жағдайда ғана пайдалану қауіпсіздігіне келіптік беріледі.
- Аспапты ас үйлік жиһаз элементінің ішіне орнатуды, оны электр желісіне және газ көзіне қосуды тек білікті маман жүргізе алады.
- Пісіргіш панельді монтаждау алдыңғы екі бекіткіш элементтердің үнемі қолжетімді болуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Пісіргіш панель үстіндегі асүйлік шағын шкафтар тағам әзірлеу кезінде кедергі келтірмейтін биіктікте орнатылуы тиіс.
- Пісіргіш панельдің астына салқындатушы желдеткішпен жабдықталған EVP4..., EVP3..., EVP2..., типті үрмелі пешті орнатуға болады.

Жиһаз


- Пісіргіш панель ені 600 мм және артық болатын асүйлік шкафтың үстіне үстіңгі бетіне орналастыруға арналған.
- Пісіргіш панель қалыңдығы 30-50 мм болатын үстіңгі бетке орнатыла алады.
- Кілтек және аспап орнатылатын көршілес асүйлік жиһаздың басқа да материалдары термотөзімді (100°С) болуы тиіс, керісінше жағдайда материалдың аса төмен термотөзімділігі олардың деформациялануына және түсінің өзгеруіне әкеп соғады.
- Пісіргіш панель асүйлік жиһаздың элементтерінің арасына орнатыла алады, ол кезде олардың біреуі пісіргіш панельден биік, ал екіншісі оның биіктігімен бірдей болуы мүмкін.
- Асүйлік шкафта пісіргіш панельдің астында суырымалы жәшіктер болмауы керек. Асүйлік шкафта көлденең арақабырға орнатылған болса, онда ол төменгі беттен 100 мм қашықтықта болуы тиіс. Арақабырға мен пісіргіш панельдің арасындағы кеңістік бос болуы керек, ол жерде заттарды сақтауға болмайды.
- Үрмелі пешті пісіргіш панельдің астына орнатқан кезде асүйлік шкафтың артқы қабырғасын алып тастау қажет. Асүйлік шкафтың қабырғасының алдыңғы жоғарғы бөлігінде шкафтың бүкіл ені бойынша биіктігі кемінде 6 мм болатын ойық жасау қажет.

Минималды қашықтықтар




- Пісіргіш панель мен ауасорғыштың арасындағы қашықтық ауасорғышты монтаждау жөніндегі нұсқаулыққа көрсетілгеннен кем болмауы керек.
- Пісіргіш панельдің шетінен бастап көршілес асүйлік биік шкафтың қабырғасына дейінгі минималды қашықтық 100 мм-ді құрайды.
- Пісіргіш панельдің артқы жағынан үстіңгі беттің ағаш ернеуліктерін пайдалану ішке орнату сұлбасында келтірілген минималды рұқсат етілген қашықтықтарды сақтаған кезде мүмкін болады.
- Пісіргіш панельдің және артқы қабырғаның арасындағы минималды қашықтық ішке орнату сұлбасында келтірілген.

Монтаждау ойығының өлшемдері

Типі KVK4..., PVK4..



Монтаждау процесі



- Асуылік жиһаздың үстіңгі беті тегіс және көлденең болуы тиіс.
- Кесілген жердің бүйірлерін ылғал мен кірден қорғау үшін тиісінше герметизациялау керек.
- Жинақта берілген винтері бар (4 дана) бекіткіш бөлшектерді (4 дана) пісіргіш панельдің алдыңғы және артқы панеліндегі саңылаулар мен ойықтарға кигізіп бұраңыз.
- Пісіргіш панельді электржелісіне және газға қосыңыз (тиісті бөлімдерді қараңыз).

Типі

- Пісіргіш панельдің төменгі жағынан жинақта қамтылған өздігінен жабысатын тығыздауышты жапсырыңыз. Тығыздауышты алдыңғы бекітпелерге жапсырмаңыз.
- Пісіргіш панельді монтаждау ойығына орнатыңыз да, оны үстінен үстіңгі бетке қысыңыз.



Маңызды ескертулер

- Аспапты электржелісіне қосуды және жалғаушы кабельді ауыстыруды тек сервистік орталық немесе біліктілігі бар маман жүргізе алады.
- Электржелісіне қосу қорғанышы қолданыстағы ұйғарымдарға сәйкес болуы тиіс.
- Қоспай тұрып, зауыттық тақтайшада көрсетілген кернеудің желідегі нақты кернеуге сәйкес келуін тексеріп алыңыз.
- Аспаптың негізгі деректері бар зауыттық тақтайша пісіргіш панельдің астыңғы бөлігінде орналасқан.
- Клеммаларға қол жеткізу үшін клеммалық қалыптың қақпағын ашыңыз.
- Пісіргіш панельді электржелісіне қосқан кезде барлық түйіспелерді ажырататын және ажыратулы түйіспелердің арасында кемінде 3 мм қашықтығы бар ажыратушы құрылғыны қарастыру қажет. Сақтандырғыштар, тоқтың қорғаушы ажыратып-қосқыштары және т.б. келеді.
- Қосу сақтандырғыштардың мүмкіндіктері мен электржелісінің тоқтық жүктемелерін ескере отырып орындалуы керек.
- Пісіргіш панель асүйлік жиһаздың элементтерінің арасына орнатыла алады, ол кезде олардың біреуі пісіргіш панельден биік, ал екіншісі оның биіктігімен бірдей болуы мүмкін.
- Монтаждаудан кейін тоқ өткізетін және оқшауландырылған бөлшектерге тиюден толық қорғанышты қамтамасыз ету қажет.
- Монтаждау кезінде кабельдің қысылып қалмауын және өткір жиектерге тимеуін қадағалаңыз.
- Көршілес қосылған электрлі аспаптардың қосушы кабельдері ыстық конфоркаларға тимеуі керек.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Кез келген араласу алдында аспапты электржелісінен ажыратыңыз.
- Желі кернеуіне байланысты пісіруші панельді сұлбаға сәйкес қосыңыз. Жерге қосу қорғаушы сымды (PE) жерге қосу таңбасымен белгіленген клеммаға қосыңыз.
- Қосушы кабельді міндетті түрде, кабельдің артық созылуына жол бермейтін қысқыштар арқылы өткізіңіз.
- Аспап жақтан шығатын қорғаушы жерге қосу сымы қалғандарынан ұзынырақ болуы тиіс.
- Қосқаннан кейін барлық қыздырушы элементтердің жұмыстарын тексеру үшін оларды 3 минутқа қосыңыз.

Қосу сұлбасы



- Дұрыс қоспау аспаптың бөлшектерінің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін. Бұл жағдайда сіз кепілдемелік қызмет көрсету құқығынан айырыласыз!
- Қоспай тұрып, зауыттық тақтайшада көрсетілген кернеудің желідегі нақты кернеуге сәйкес келуін тексеріп алыңыз. Желідегі қосылатын кернеуді (N-ға 230 В) маман өлшеуіш құралының көмегімен тексеруі тиіс!
- Аспаптың артқы жағындағы қосушы кабельді пісіргіш панельдің артқы қабырғасына тимейтіндей етіп жазыңыз, себебі аспап жұмыс істеп тұрған кезде ол қызады.



Қосу үшін мыналар пайдаланылуы мүмкін:

- H05RR-F 4x1,5 типті сары-жасыл қорғаушы сымы бар резеңкелі қосушы кабельдер,
- сары-жасыл қорғаушы сымы бар H05VV-F 4x1,5 типті ПВХ оқшауландырылған қосушы кабельдер, сондай-ақ басқа да тең кабельдер немесе сапасы өте жоғары кабельдер.

Аспап қолданыстағы ұйғарымдарға сәйкес орнатылуы және қосылуы тиіс.

Жақсы желдетілуді қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөліңіз!

Аспапты қоспай және пайдаланбай тұрып нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

Маңызды ескертулер

- Газ желісіне қосуды тек жергілікті газбен қамтушы кәсіпорынның ресми рұқсаты бар білікті маманы немесе рұқсаты бар сервистік орталықтың маманы жүргізе алады.
- Аспап орнатылған бөлме жақсы желдетілуі керек.
- Газ аспабын реттеу параметрлері зауыттық тақтайшада көрсетілген.
- Қоспай тұрып, жергілікті қосу талаптары (газдың түрі мен қысымы) аспаптың реттеулеріне сәйкес келетіндігін тексеріп алыңыз.
- Аспап жанған қалдықтарды шығару құбырларына (мысалы, мұржаға) жалғауға арналмаған. Аспап қолданыстағы қосу жөніндегі ұйғарымдарға сәйкес орнатылуы және қосылуы тиіс. Бөлмені желдету талаптарына басты назар аудару керек.
- Егер пайдаланылатын газ аспаптың реттеулеріне сай болмаса, онда сервистік орталыққа немесе жергілікті газбен қамтушы кәсіпорынға хабарласыңыз. Маман аспапты пайдаланылатын газ түріне реттеп береді.
- Құрал-саймандарды қолдануды қажет ететін барлық жөндеу жұмыстарын тек біліктілігі бар маман жүргізе алады. Пайдаланушы құрал-сайманды қолдануды қажет етпейтін жөндеуді өзі жүргізе алады.

Зауыттық реттеме

- Газ аспаптары сыналған және сәйкестік белгісімен таңбаланады.
- Газ аспаптары Н немесе Е (20 немесе 13 мбар) түрдегі табиғи газға немесе сұйытылған газға (50 немесе 30 мбар) реттеліп жеткізіледі. Газ аспабының реттеме параметрлері зауыттық тақтайшада көрсетілген, ол пісіргіш панельдің төменгі жағында орналасқан.
- Пісіргіш панель жанарғыларының қуаты мен газ шығыны осы нұсқаулықта келтірілген.
- Газдың басқа түріне реттемелеген кезде форсункаларды ауыстыру қажет («Форсункалар кестесі» бөлімін қараңыз).
- Жөндейтін жағдайда функционалдық элементтерін тексеріп алыңыз.
- Форсункалар мен аз шығынды реттейтін винттер функционалды элементтер болып табылады.


Қосу процесі

- Газ көзіне қосу қолданыстағы ұйғарымдарға және жергілікті газбен қамтушы кәсіпорынның талаптарына сәйкес жүргізіледі.
- Аспаптың астыңғы жағында газ көзіне ISO 7-1 R1/2 сыртқы бұрандасымен қосылатын газ өтетін түтік орналасқан.
- Аспаптың жинағында сұйытылған газға арналған өтпелік пен металды емес төсем қоса берілген.
- Қосу кезінде R1/2 түтігі айналып кетпес үшін оны ұстап тұру керек.
- Қосылыстарды герметизациялау үшін рұқсат етілген метал емес төсемдер және герметизациялауға арналған басқа да рұқсат етілген материалдар пайдаланылады. Төсемдер тек бір рет пайдаланыла алады. Жайпақ метал емес төсемдерді қысудың рұқсат етілген деформациясы 25%-ды құрайды.
- Аспап сертификатталған иілгіш шлангының көмегімен газ көзіне жалғанады.
- Иілгіш шланг еркін өтіп тұруы тиіс. Шланг асүйлік шкафтың қозғалмалы бөліктеріне (мысалы, жәшік) және пісіргіш панельдің түбіне тимеуі тиіс.
- Егер ішке орнатылатын электрлі үрмелі пеш салқындатушы желдеткішпен жабдықталған болса, онда оны пісіргіш панельдің астына орнатуға болады. Бұл жағдайда металдан жасалған иілгішшлангыны (мысалы, таттанбайтын болаттан жасалған) міндетті түрде пайдалану керек.



Аспапты жалғағаннан кейін қосылыстардың герметикалығын тексеріңіз.

Газға жалғайтын элементтер



- A** ISO 7-1 R1/2 газ өтетін түтігі
- B** Қалыңдығы 2 мм болатын метал емес төсем
- C** Сұйытылған газға арналған өтпелік (моделіне байланысты)

Жұмыстың басы

- Пісіргіш панельмен жұмыс істеуді «Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта» суреттелгендей бастаңыз.
- Барлық жанарғыларды жағыңыз да, жанарғылардың максималды және минималды қуатын орнату кезіндегі жалынның тұрақтылығын тексеріңіз. Оттың ұшқындарының ортасы көкшіл жасыл түстес болуы тиіс.
- Егер жалын тұрақсыз болса, онда минималды қуатты аз шығын винтімен ұлғайтыңыз
- Тұтынушыға пісіргіш панельді дұрыс пайдалану жолын түсіндіріңіз және «Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты» онымен бірге меңгеріңіз.

Газдың басқа түріне реттеу

- Газдың басқа түріне реттеу үшін пісіргіш панельді үстіңгі беттен алу қажет емес.
- Реттеу алдында аспапты электр желісінен ажыратыңыз және газдың келуін жауып тастаңыз.
- Форсункаларды газдың жаңа түріне арналған тиісті форсункаларға айырбастаңыз (кестені қараңыз).
- Сұйытылған газға реттеген кезде аз шығынның реттеуші винтін минималды қуатқа қол жеткізілгенше түбіне дейін бұраңыз.
- Табиғи газға реттеген кезде аз шығынның реттеуші винтін минималды қуатқа қол жеткізілгенше, 1,5 айналымнан асырмай бұраңыз.




Газдың басқа түріне реттегеннен кейін зауыттық тақтайшадағы зауыттық реттемелері бар деректердің үстіне жаңа реттемелері бар жапсырманы жабыстырып қойыңыз. Аспаптың жұмыс істеуі мен герметикалығын тексеріңіз.

Газдың басқа түріне реттеу элементтері

- Пісіргіш беттен торлар мен жанарғыларды қақпақтарымен бірге алып қойыңыз.
- Вок қос жанарғысының жанарғы форсункасы форсунканың қорғаныш пластинкасының астында орналасқан.
- Жанарғылардың аз шығынды реттеу винтері ажыратып-қосқыштардың артындағы тесікте орналасқан
- Ажыратып-қосқыштарды тығыздауыштарымен бірге шешіп алыңыз.

Форсункалар

Пісіргіш беттің жанарғысы



- 1 Жанарғының қақпағы
- 2 Жанарғының жарғышы
- 3 Термозэлемент (газ-бақылауы бар жанарғыларда, кейбір модельдерде)
- 4 Электрлі тұтату шырағданы
- 5 Форсунка



Двойная горелка

- 5 Форсунка

ФОРСУНКАЛАР КЕСТЕСІ


Газдың түрі мен қысымы		Кішкентай жанарғы		Стандартты жанарғы		Үлкен жанарғы		Двойная горелка	
		макс.	мин.	макс.	мин.	макс.	мин.	макс.	мин.
Табиғи газ Н $W_0=45,7+54,7$ МДж/м ³ , Табиғи газ Е, Е+ $W_0=40,9+54,7$ МДж/м ³ G20, $p=20$ мбар	Нақтылы қуаты (кВт)	1	0,36	1,9	0,46	3	0,76	3,5	1,56
	Газ тұтыну (л/ч)	95,21	34,4	180,9	43,8	285,64	72,4	333,2	148,5
	Форсунка түрі (μm)/Қайта қосу арнасының №	78	24	104	26	129	33	135	57
	Форсунканың сәйкестендіру нөмірі	431006		162083		431008		431245	
Сжиженный газ 3+, ЗВ/Р $W_0=7,2,9+87,3$ МДж/м ³ G30 $p=30$ мбар	Нақтылы қуаты (кВт)	1	0,36	1,9	0,46	3	0,76	3,5	1,56
	Газ тұтыну (г/ч)	71,7	26,2	138,1	33,4	215	55,3	254,5	113,4
	Форсунка түрі (μm)/Қайта қосу арнасының №	50	24	69	26	87	33	93	57
	Форсунканың сәйкестендіру нөмірі	162162		162164		162165		162166	
Табиғи газ Н $W_0=45,7,54,7$ МДж/м ³ , G20, $p=13$ мбар	Нақтылы қуаты (кВт)	1	0,36	1,9	0,46	3	0,76	3,5	1,56
	Газ тұтыну (л/ч)	95,21	34,4	180,9	43,8	285,64	72,4	333,2	148,5
	Форсунка түрі (μm)/Қайта қосу арнасының №	85	24	117	26	147	33	155	57
	Форсунканың сәйкестендіру нөмірі	609272		431181		431182		431306	

- Зауытта реттеуші винтер ішке орнатылған, олар осыаспаптың газға ыңғайланатын зауыттық реттемесіне сәйкес реттелген.
- Газдың басқа түріне реттеген кезде реттеуші винтерді қажет етілетін газ шығынына (жатқан жерінен 1,5 айналымнан асырмау рұқсат етіледі) ыңғайлап реттеу (бұрап ағыту немесе бұрап қатайту) керек
- Жанарғылардың қуаты Hs газының жануының жоғарғы жылуын ескере отырып келтірілген.



Бұл жұмыстарды тек жергілікті газбен қамтушы кәсіпорынның ресми рұқсаты бар білікті маманы немесе рұқсаты бар сервистік орталықтың маманы жүргізе алады.

Зауыттық тақтайша



- A Сериялық нөмірі
- B Моделі
- C Типі
- D Сауда белгісі
- E Артикулы
- F Техникалық деректері
- G Сәйкестік таңбалары
- H Газдың зауыттық реттемесі

ӨНДІРУШІ АСПАПТЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ ҚАСИЕТТЕРІНЕ ӘСЕР
ЕТПЕЙТІН ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНА ИЕ БОЛЫП
ҚАЛАДЫ.

EAC

Импортер: ООО «Горень БТ»
119180, Москва, Якиманская наб., 4, стр. 1

PVK_KVK6,4K



kk (04-19)